

## **Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 124 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусымда № 6266 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. "Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі ( С.Б.Нұрмағанбетов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары М.Н.Манкеевке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Г. Искалиев*

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2020 жылғы  
1 маусымдағы № 124 қаулысына  
қосымша

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 188 "Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4496 тіркелген, 2016 жылы 5 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 240 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 188 "Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4914 тіркелген, 2017 жылы 24 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 183 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 188 "Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5756 тіркелген, 2019 жылы 14 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК